

**Саран қаласында көкөніс, жеміс-жидек өнімдерінің және азық-түлік тауарлары мен ауылшаруашылығы өнімдерінің көшпелі шағын бөлшек саудасын жүргізу үшін арнайы бөлінген орындар ұйымдастыру туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 27 наурыздағы N 109 қаулысы. Қарағанды облысы Саран қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 16 сәуірде N 8-7-61 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 70/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 07.10.2021 № 70/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 12, 27-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 371 қаулысымен бекітілген Ішкі сауда Ережелерінің 48-50 және 119-120 тармақтарына сәйкес, халыққа азық-түлік тауарларын, көкөніс, жеміс-жидек жеткізу, қалада ауылшаруашылығы өнімдері бағасының өсуін тежеу мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31, 37баптарын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 1-қосымшаға сәйкес көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін халыққа олардың өздері жеке тұтынуы үшін жылжымалы сөрелер, шатырлар арқылы шағын бөлшек саудамен сату үшін қалада арнайы бөлінген орындар белгіленсін.

2. Қоса берілген 2-қосымшаға сәйкес мамандандырылған немесе арнайы жабдықталған көлік құралдарын пайдалана отырып азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көшпелі сауда жүргізу арнайы бөлінген орындар белгіленсін.

3. Осы қаулы Саран қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден кейін күшіне енеді және қалалық "Ваша газета" газетінде бірінші ресми жарияланғаннан кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Блокқа жүктелсін.

Саран қаласының әкімі

М. Смағұлов

**Көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін жылжымалы сөрелер, палаткалар арқылы халыққа шағын бөлшек саудамен сату үшін арнайы бөлінген орындар**

р/к N	Орналасқан жері
1	Жамбыл көшесі, 76-үй ("Шолпан" және "Жұлдыз" дүкендерінің жанында)
2	Жамбыл көшесі, 74-үй, (Карл Маркс көшесі қиылысында, "Талисман" дүкенінің жанында)
3	Кеншілер көшесі, 55 үй ("Успех" дүкенінің жанында)
4	Кеңес көшесінде "Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
5	Жамбыл көшесі, 61, ("Олимп" дүкенінің жанында)
6	Жеңіс көшесі, 68 ("Сарань" сауда үйінің жанында)
7	Жамбыл көшесі, 82, ("Достық" дүкенінің жанында)
8	1 ықшам аудан ("Асель" дүкенінің жанында)
9	1 ықшам аудан ("Продукты" дүкенінің жанында)
10	"Горняк" ықшам аудан ("Бартерный" дүкенінің жанында)
11	1 "А" ықшам аудан ("Горняк" ПИК ауласында)
12	1 "А" ықшам аудан алаңында (N 2-үйдің бүйірінен)
13	1 "А" ықшам аудан (N 1-үйге қарсы)
14	Жеңіс көшесі 18, ("Веста" дүкенінің жанында)
15	Саран қаласының Орталық базары алдындағы алаң
16	Жамбыл және Жұмысшылар көшелерінің қиылысында ("Рахат" дүкенінің жанында)
17	Ақтас кенті Қржижановский көшесі бойынша ("Аделя" кафесінің жанында)
18	Ақтас кенті Қржижановский көшесі бойынша (жабық "Седа" шағын базарының жанында)
19	Ақтас кенті Космическая көшесі бойынша ("Статус" дүкенінің жанында)

Қала әкімдігінің  
2008 жылғы 27 наурыздағы  
N 109 қаулысына  
N 2 қосымша

**Азық-түлік тауарлары мен ауылшаруашылық өнімдерінің жүрмелі саудасы үшін арнайы бөлінген орындар**

р/к N	Орналасқан жері
1	1 ықшам аудан ("Продукты" дүкенінің жанында)
2	1 "А" ықшам аудан ("Саят" ПИК ауласында)
3	1 "А" ықшам аудан алаңында (N 2 үйдің бүйірінен)
4	Саран қаласының Орталық базары алдындағы алаң
5	Қалалық стадион қасындағы алаңда
6	Жеңіс көшесі, 32 (Шахтер және Жеңіс көшелерінің қиылысында)

7	Кеңес көшесінде "Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
8	Абай көшесі мен ленин даңғылының қиылысындағы алаңда
9	Жеңіс көшесі мен ленин даңғылының қиылысындағы алаңда
10	Кеншілер көшесі, 55 үй ("Успех" дүкенінің жанында)
11	Ақтас кенті Привольная - Кржижановский көшелерінің қиылысында, бұрынғы базардың жанында
12	Ақтас кенті ықшам аудан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ